

Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 12 сәуірдегі № С-4/5 "Шортанды ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № С-13/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 21 ақпанда № 3657 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2013 жылғы 9 желтоқсандағы № С-22/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 09.12.2013 № С-22/4 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Шортанды аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Шортанды аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № С-4/5 «Шортанды ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-18-155 болып тіркелген, 2012 жылдың 5 мамырында аудандық «Вести» газетінде және 2012 жылдың 5 мамырында аудандық «Өрлеу» газетінде жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

2 тармақ келесі мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығының ұсынған тізіміне сәйкес облыстық бюджеттен бөлінетін мақсатты трансферттердің есебінен ай сайын 100 пайыз мөлшерінде коммуналдық қызметтердің шығыстарына:

сумен жабдықтауға, кәрізге, газбен жабдықтауға, жылумен жабдықтауға, қоқыс шығаруға, электрмен жабдықтауға және телефон байланысының қызметтеріне абоненттік төлем қызмет берушілер ұсынған тізілімдеріне сәйкес алушының өтініші бойынша қызмет берушілердің шоттарына немесе алушылардың жеке шоттарына.

Жылу беру маусымы мерзімінде қатты отынға арналған шығыстар Ұлы Отан соғысының қатысушылары немесе мүгедектерінің нақты тұру орны бойынша қатты отын сатып алуға ұсынылған түбіртектерге сәйкес алушылардың жеке шоттарына аудару арқылы өтеледі».

2. Осы шешім 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>А.Шәріпова</i>	
		<i>А у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихаттың хатшысы</i>	<i>Г.Скирда</i>	
КЕЛІСІЛДІ:		
<i>Шортанды ауданының әкімі</i>	<i>С.Қамзебаев</i>	